



Тақырып:

ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ЖӘНЕ ИМАНДЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР


Жоспар:



Халықтың денсаулығы мен адамгершілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі және түрлері

Халықтың денсаулығына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар

Имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар



ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ЖӘНЕ ИМАНДЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР

Нормативтік материалдар:

- 1. «Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы» 1998 жылғы 10 шілдедегі ҚР Заңы.
- 2. «Есірткі, психотроптық, және улы заттарды заңсыз айналымға түсіру жөніндегі істер бойынша заңдарды қолдану туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 1998 жылғы 14 мамырдағы №3 нормативтік қаулысы.

Түрлері:



• ҚР ҚК

• 11-тарауы

- Халықтың денсаулығына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар
 - (ҚР ҚК 296-306 баптары)
- Имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар
 - (ҚР ҚК 307-316 баптары)

Есірткі, психотроптық заттармен, сол тектестермен, прекурсорлармен өткізу мақсатынсыз заңсыз жұмыс істеу (ҚР ҚК 296-баб. 1-бөл.)

Элемент	Белгі	Мазмұны
Объект	Негізгі	Халықтың денсаулығы
	Қылмыс заты	а) есірткі заттар; б) психотроптық заттар; в) сол тектестер; г) прекурсорлар
Объективтік жағы	Іс-әрекет	Медициналық емес тұтыну
	Қылмыс жасау орны	Қоғамдық орындар
Субъект		16 жасқа толған ақыл-есі дұрыс адам
Субъективтік жағы	Кінә	Тікелей қасақаналық



Есірткі, психотроптық заттармен, сол тектестермен, прекурсорлармен өткізу мақсатынсыз заңсыз жұмыс істеу (ҚР ҚК 296-баб. 2-бөл.)

Элемент	Белгі	Мазмұны
Объект	Негізгі	Халықтың денсаулығы
	Қылмыс заты	а) есірткі заттар; б) психотроптық заттар; в) сол тектестер; г) прекурсорлар
Объективтік жағы	Іс-әрекет	а) заңсыз дайындау; б) қайта өңдеу; в) иемдену; г) сақтау; д) тасымалдау
Субъект		16 жасқа толған ақыл-есі дұрыс адам
Субъективтік жағы	Кінә	Тікелей қасақаналық

Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту не өткізу (ҚР ҚК 297-бабы)

Элемент	Белгі	Мазмұны
Объект	Негізгі	Халықтың денсаулығы
	Қылмыс заты	а) есірткі заттар; б) психотроптық заттар; в) сол тектестер; г) прекурсорлар
Объективтік жағы	Іс-әрекет	а) заңсыз дайындау; б) қайта өңдеу; в) иемдену; г) сақтау; д) тасымалдау; е) жөнелту; ж) өткізу
Субъект	Жалпы	16 жасқа толған ақыл-есі дұрыс адам
Субъективтік жағы	Кінә	Қасақаналық
	Мақсат	Өткізу мақсаты

Қылмыс заты

- **ЕСІРТКІЛЕР** – есірткі немесе психотроптық заттар ретінде жіктелген, оларды *теріс пайдаланғанда туындауы мүмкін зардаптарына байланысты халықтың денсаулығы үшін ықтимал қаупі бар*, Қазақстан Республикасында бақылау жасалуға жататын Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың тізіміне енгізілген өсімдіктер, заттар немесе препараттар.

Қылмыс заты

- **ЕСІРТКІ ЗАТТАР – Қазақстан Республикасының заңнамасына, 1961 жылғы Есірткі заттар туралы бірыңғай конвенцияға түзетулер жөніндегі 1972 жылғы Хаттамаға сәйкес енгізілген түзетулерімен қоса 1961 жылғы Есірткі заттар туралы бірыңғай конвенцияға сәйкес бақылау жасалуға жататын Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізіміне енгізілген шығу тегі синтетикалық немесе табиғи заттар.**

Қылмыс заты

- **ПСИХОТРОПТЫҚ ЗАТТАР** – Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына, соның ішінде 1971 жылғы Психотроптық заттар туралы конвенцияға сәйкес бақылау жасалуға жататын Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізіміне енгізілген, шығу тегі синтетикалық немесе табиғи заттар.

Қылмыс заты

- **ЕСІРТКІ ЖӘНЕ ПСИХОТРОПТЫҚ ЗАТ ТЕКТЕСТЕР** – құрылымы мен қасиеттері жағынан I, II, III кестелерге енгізілген заттарға ұқсас, *еліртетін, күйзелтетін немесе жалған елес күйіне түсіретін химиялық құрылымы мен қасиеттері бар, оларды теріс пайдаланған кезде халықтың денсаулығы үшін қауіпті және осы Заңмен және БҰҰ-ның халықаралық Конвенцияларымен есірткі немесе психотроптық заттар ретінде бекітілмеген шығу тегі синтетикалық немесе табиғи заттар.*

Қылмыс заты

- **ПРЕКУРСОРЛАР** – *есірткі және психотроптық заттарды өндіру, дайындау, өңдеу кезінде пайдаланылатын*, ҚР заңнамасына, ҚР халықаралық шарттарына, соның ішінде БҰҰ-ның Есірткі және психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы 1988 жылғы Конвенциясына сәйкес бақылау жасалуға жататын Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізіміне енгізілген заттар.

Қылмыс затын анықтау



Қазақстан
Республикасында бақылау
жасалуға тиісті Есірткі,
психотроптық заттар мен
прекурсорлардың ТІЗІМІ
(Заңның 1 қосымшасы):

I-кесте Медициналық мақсатта пайдалануға тыйым салынған есірткі және психотроптық заттар.

II кесте Медициналық мақсатта пайдаланылатын және қатаң бақылаудағы есірткі және психотроптық заттар.

III кесте Медициналық мақсатта пайдаланылатын және бақылаудағы есірткі және психотроптық заттар.

IV кесте Бақылаудағы прекурсорлар (есірткі және психотроптық заттарды заңсыз дайындау кезінде жиі пайдаланылатын химиялық заттар мен өсімдіктер).

Қылмыс затын анықтау



Заңсыз айналымда жүргені анықталған есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды шағын, ірі және өте ірі мөлшерге жатқызу туралы
ЖИЫНТЫҚ КЕСТЕ

Объективтік жағы

- **ДАЙЫНДАУ** – жүргізілуінің көмегімен есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың алынуы мүмкін барлық процестер, сондай-ақ есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың басқа есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларға айналдырылуы.
- **ЗАҢСЫЗ ДАЙЫНДАУ** – кез-келген әдейі жасалған әрекет нәтижесінде белгілі бір есірткі заттың Тізімге енгізілген затқа айналдырылуы. Осы заттардың формасын өзгерту (ұстау, таблеткаға қалыптау, пилюли, плиткалар, пасталар т.б.) заңсыз дайындау болып есептелмейді.

Объективтік жағы

- **ӨҢДЕУ** – нәтижесінде тазартылатын (бөгде қоспалардан тазартылатын), препараттағы есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың концентрациясын арттыратын іс-әрекет, сондай-ақ олардың негізінде есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар болып табылмайтын заттар алу.
- **ЗАҢСЫЗ ҚАЙТА ӨҢДЕУ** – белгілі бір есірткі немесе психотроптық заттың күшін көтеру үшін тазарту (жат қоспалардан тазарту). Құрамында есірткі зат бар өсімдіктерді кептіру, ұсату, кейбір бөлшектерден ажырату және басқа да түрлендіру (сол заттан басқа бір есірткі зат алынбаса) заңсыз қайта өңдеу деп есептелмейді.

Объективтік жағы

- **ЗАҢСЫЗ ИЕМДЕНУ** – сатып алу, басқа товарға немесе затқа айырбастап алу, қарыздың орнына беру, қарызға немесе сыйға алу, тауып алғанды иелену, құрамында есірткі бар жабайы өсімдіктерді немесе олардың бөлігін жинау, осындай өсімдіктердің күзетілмейтін егістік алқабындағы жинау жұмысы біткеннен кейінгі қалдығын жинап алу және т.б.

Объективтік жағы

- **ЗАҢСЫЗ САҚТАУ** – кінәлінің арнайы рұқсатсыз иелігінен (өзінен, жасырын жерден, үй-жайдан, көлік құралынан, басқа да орындардан) тауып алумен байланысты кез-келген қасақана әрекет.

Объективтік жағы

- **Заңсыз жөнелту** – есірткіні немесе психотроптық заттарды байланыстың кез келген түрімен, арнайы адам арқылы, сондай-ақ жануарларды, құстарды пайдаланып жіберу.

Объективтік жағы

- **ТАСЫМАЛДАУ** – тасымалдау тәсіліне және сақталатын орнына қарамастан Қазақстан Республикасы шегінде есірткі, психотроптық заттардың немесе прекурсорлардың орнын ауыстыру жөніндегі кез келген іс-әрекеттер.

Объективтік жағы

- **ЗАҢСЫЗ ӨТКІЗУ** – есірткі, психотроптық заттарды прекурсорларды бір тұлғаның билігінен басқа тұлғаларға заңсыз өткізу немесе берудің кез-келген осы бағыттағы тәсілі (сату, сыйлау, қарызын өтеу, айырбастау, қарызға беру, басқа тұлғаға укол салу т.с.с.).


Есірткі заттар мен сол тектестердің заңсыз айналымымен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар

Есірткі заттар мен сол тектестердің заңсыз айналымымен байланысты қоғамдық қауіпті әрекеттер үшін қылмыстық жауаптылықты жіктеу құралдары:

Әрекеттердің сипаты
(дайындау, өңдеу,
сақтау, тасымалдау,
жөнелту, өткізу)

Өткізу мақсатының
болып-болмауы
(ҚР ҚК 296 немесе 297
бабы)

Заттардың мөлшері
(шағын, ірі немесе аса
ірі)



Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді тұтынуға көндіру (ҚР ҚК 299-бабы)

- **КӨНДІРУ** – басқа тұлғалардың оларды тұтынуға ниетін қоздыруға бағытталған кез-келген қасақана әрекет (үгіттеу, ұсыныс жасау, ақыл беру, адастыру, алдау, қорқыту).
- Тұлғаға есірткі немесе психотроптық заттарды қолдануға әсер ету мақсатымен, көндірілуші тұлға оны қолданса да немесе басқа бір себептермен қолдана алмаса да (көндірілушінің қолданудан бас тартуы, басқа тұлғалардың араласуы т.с.с.) қылмыс аяқталған болып есептеледі.

Кейс шарты:

- Бейсенов қала базарында өзі тұтыну үшін салмағы 20 грамм (Жиынтық кесте бойынша – есірткі заттардың шағын мөлшері) кептірілген марихуана сатып алады, оны үйге әкеліп сақтайды, тұтынады. Араға апта салып ақшадан қысылған соң университет ғимаратында осы заттың 0,67 грамын (шағын мөлшер) Укановқа сатады. Есірткінің қалған бөлігі тінту жүргізген кезде оның үйінен табылады.
- *Бейсеновтың қылмыстық жауаптылығы туралы мәселені шешіңіздер.*

Шешімі:



- Бейсеновтың әрекеттері қылмыстық теріс қылық пен қылмыстың жиынтығы бойынша сараланады:
- 1) Есірткі заттарды өткізу мақсатынсыз заңсыз иемдену және сақтау – ҚР ҚК 296-бабының 2-бөлігі.
- 2) Есірткі заттарды білім беру ұйымдарында өткізу – ҚР ҚК 297-бабының 4-бөлігі.

Кейс шарты:

- Қару жымқырғаны үшін бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жүрген Фролов түзеу колониясының медпунктіне баса көктеп кіріп келеді. Фельдшерді пышақпен қорқыта отырып, өзіне құрамында спирт пен есірткісі бар дәрі-дәрмектердің барлығын беруді талап етеді. Осы сәтте медпунктке колония қызметкері Сидоров кіріп келеді де Фроловты қолға түсіріп, қаруын тартып алады.
- *Фроловтың әрекеттеріне қылмыстық-құқықтық баға беріңіз.*


Шешімі:

- Фроловтың әрекеттері жиынтық бойынша сараланады:
- 1) Құрамында спирті бар дәрі-дәрмектерге қатысты әрекеттері – ҚР ҚК 192-бабының 3-бөлігінің 3-тармағы бойынша қызметтік үй-жайға заңсыз кіру жолымен жасалған аяқталған қарақшылық.
- 2) Құрамында есірткісі бар дәрі-дәрмектерге қатысты әрекеттері – ҚР ҚК 298-бабының 3-бөлігінің 3-тармағы бойынша өмірге немесе денсаулыққа қауіпті күш қолдану қатерін төндіріп жасалған қарақшылық нысанындағы есірткі заттарды жымқыру.

Жезөкшелікпен айналысуға тарту (ҚР ҚК 308-бабы)

Элемент	Белгі	Мазмұны
Объект	Негізгі	Адамгершілік қатынастары
	Қосымша	Адамның денсаулығы, абыройы мен ар-намысы
Объективтік жағы	Іс-әрекет	Жезөкшелікпен айналысуға тарту
	Тәсілі	а) күш көрсету б) күш көрсетемін деп қорқыту в) тәуелді жағдайын пайдалану г) бопсалау д) мүлкін жою немесе бүлдіру е) алдау
Субъект	Жалпы	16 жасқа толған ақыл-есі дұрыс адам
Субъективтік жағы	Кінә	Тікелей қасақаналық

L/O/G/O



Назарларыңызға рахмет!